

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Май ауданы Ақшимаң селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 қаңтардағы "Май ауданы Ақшимаң селолық округінде орналасқан "Ақжар Өндіріс" Агрофирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Разведка" қыстағының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Май ауданы Ақшимаң ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 27 наурыздағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 наурызда № 6277 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Май ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 1-14/731 ұсынысы негізінде, Ақшимаң ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Май ауданы Ақшимаң селолық округінде орналасқан "Ақжар Өндіріс" Агрофирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Разведка" қыстағының аумағында ұсақ мүйізді малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Май ауданы Ақшимаң селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 қаңтардағы "Май ауданы Ақшимаң селолық округінде орналасқан "Ақжар Өндіріс" Агрофирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Разведка" қыстағының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5847 болып тіркелген, 2018 жылғы 17 ақпанда "Шамшырақ" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақшимаң ауылдық*

*округінің әкімі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қазақстан Республикасы*

*Қ. Бақауов*

Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және қадағалау  
комитетінің Май аудандық  
аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

*Н. Жумабаев*

2019 жылғы "27" наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

"Май ауданының

ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

*Е. Ахметов*

2019 жылғы "27" наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК